КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС · 2026

Брендті контент арқылы дамытамыз.

Әлеуметтік желіні кешенді жүргізу, таргеттелген жарнама және видео түсіру. Бизнесіңіздің міндетіне сай форматты таңдаңыз.

SMM

Кешенді жүргізудің төрт пакеті
Standart · Premium · Gold · Black

Target

Креативтер дайындау және жарнама
Жеке қызмет

Reels

Видео түсіру және монтаж
5 · 10 · 15 ролик

5 жыл

digital-маркетингтегі тәжірибе

50+

әртүрлі саладағы жоба

Команда

стратегия, түсірілім, дизайн және жарнама

Контент пен жарнамаға жауапты бір команда.

Идея, түсірілім, дизайн, жариялау және ілгерілету жұмысын өзіміз атқарамыз. Сізге контент өндірісін ұйымдастырып, әр маманның жұмысын бөлек үйлестірудің қажеті жоқ.

Instagram · Facebook · Reels · TikTok · Shorts · UGC

АККАУНТТЫ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗЕМІЗ

Алдымен негізін құрамыз. Содан кейін ілгерілетеміз.

Жаңа брендтермен де, жұмыс істеп тұрған парақшалармен де жұмыс істейміз. Алдымен бизнес басымдықтарын анықтаймыз, кейін таңдалған пакетке сай контент, сторис және жарнаманы үйлестіреміз.

ТАЛДАУ

Бизнес пен аудиторияны зерттейміз

Өнімді, артықшылықтарды, сатып алу шарттарын, нарық пен бәсекелестерді талдаймыз. Клиент топтарын, олардың қажеттіліктері мен таңдау себептерін анықтаймыз. Сайт, презентация, брендбук және басқа материалдарды жинаймыз.

АККАУНТТЫ РӘСІМДЕУ НЕМЕСЕ ЖАҢАРТУ

Профильді түсінікті етеміз

Профиль сипаттамасын, байланыстарды, сілтемелер мен визуалын рәсімдейміз. Бизнеске қажет өзекті сторис бөлімдерін құрып, толтырамыз. Қызметтер, өнімдер және тапсырыс шарттары туралы бекітілген посттар мен ақпараттық видеолар дайындаймыз.

ОРГАНИКАЛЫҚ ТРАФИК

Аудиторияға қызық тақырыптарды табамыз

Ойын-сауық, сараптамалық, эстетикалық, күнделікті, өнім және клиент тәжірибесі туралы айдарлар таңдаймыз. Тақырыптарды, ұсыну тәсілін және алғашқы секундтарды сынаймыз. Қамту, бөлісу, профильге өту мен көрерменді ұстап қалуды бағалап, сәтті форматтарды сериядға айналдырамыз.

ТАРГЕТТЕЛГЕН ЖАРНАМА

Нақты ұсынысқа арнап түсіреміз

Жарнамаға жеке сценарийлер жазып, сату мен өтінімге бағытталған роликтер түсіреміз: өнім, пайда, дәлел және келесі қадам. Мәтіндер мен креативтер дайындап, аудиториялар мен ұсыныстарды сынаймыз, өтінім құнын оңтайландырамыз.

STORIES ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Аудиториямен тұрақты байланыс құрамыз

Өнімдерді, процестерді, команданы, пікірлерді, жаңалықтар мен акцияларды көрсетіп, жиі қойылатын сұрақтарға жауап береміз. Дизайн мен монтажды дайындап, материалдарды келісеміз және жариялаймыз. Сторис жиілігі пакет пен жоспарға байланысты.

АНАЛИТИКА ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Стратегияны нәтижеге сай жетілдіреміз

Ай сайын есеп дайындап, контент пен жарнаманы түзетеміз. Қажет болса, келісілген көлемде UGC-креаторлар таңдаймыз. Өтінім сапасы мен сатуды сіздің команда ұсынған деректермен бағалаймыз.

Әр материалдың өз міндеті бар. Алғашқы посттар мен видеолар ұсынысты түсіндіреді, қамтуға бағытталған роликтер жаңа аудитория әкеледі, жарнама өтінімге жұмыс істейді. Профильді рәсімдеу мен жарнамалық роликтер таңдалған пакеттің жалпы көлеміне кіреді.

ТӨРТ SMM ПАКЕТІ

Жұмыс көлемін таңдаңыз.

Кешенді жүргізу: талдау, профильді рәсімдеу, контент-жоспар, түсірілім, мәтіндер, дизайн, монтаж, жариялау және есеп. Баға бір айға көрсетілген; жарнама бюджеті бөлек.

ТҰРАҚТЫ ЖҮРГІЗУ

Standart

350 000 ₸

450 000 ₸ / ай, таргетпен

Рәсімделген, белсенді әрі түсінікті парақша қажет бизнеске.

- 8 Reels + 7 пост = 15 жарияланым
- 60 Stories
- Мобилограф, монтаж және дизайн
- Таргет қосылса: 2 науқанға дейін

АККАУНТТЫ БЕЛСЕНДІ ДАМЫТУ

Premium

490 000 ₸

590 000 ₸ / ай, таргетпен

Контентті жиі жариялап, өнім мен қызметтерді кеңірек таныстыру үшін.

- 12 Reels + 8 пост
- 72 Stories
- Мобилограф, монтаж және дизайн
- Таргет қосылса: 3 науқанға дейін

ҚОЙЫЛЫМДЫҚ КОНТЕНТ

Gold

790 000 ₸

890 000 ₸ / ай, таргетпен

Актерлермен, модельдермен және дайындалған локацияларда түсіру үшін.

- 12 Reels + 10 пост · 80 Stories
- Мобилограф, монтаж және дизайн
- Актерлер мен модельдер: 6 сағат
- Студия және локациялар: 6 сағат

БРЕНДТІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ

Black

1 490 000 ₸

Таргет жүргізу қамтылған

Жаңа өнімдер мен кәсіби өндірісі бар кешенді бренд науқандары үшін.

- 12 Reels + 12 пост · 90 Stories
- Видеограф, мобилограф және фотограф
- Актерлер мен модельдер: 14 сағат
- Студия және локациялар: 15 сағат
- Бренд науқандары, промо және UGC

Individual	Ерекше міндеттер мен жеке жұмыс көлемі.	**Сұрау бойынша**

BLACK · 1 490 000 ₸ / АЙ

Брендті ілгерілету. Идеядан іске асыруға дейін.

Жаңа өнімді таныстыру, маусымдық науқан немесе танымалдықты арттыру. Контентті, кәсіби түсірілімді, жарнама мен серіктестік жобаларды бренд міндетіне біріктіреміз.

СТРАТЕГИЯ

Үш айға арналған даму жоспары

Бренд пен бәсекелестер аудиті, позициялау, негізгі хабарламалар және визуал ұсыну. Нәтижеге қарай басымдықтарды ай сайын нақтылаймыз.

АЙДЫҢ НЕГІЗГІ НАУҚАНЫ

Ілгерілетудің бір негізгі идеясы

Ұсынысты, креатив тұжырымдамасын және іске қосу жоспарын дайындаймыз. Роликтерді, посттарды, Stories, интеграциялар мен таргетті ортақ міндетке байланыстырамыз.

КӘСІБИ КОНТЕНТ ӨНДІРІСІ

Жарнамалық және имидждік контент

12 Reels, 12 пост және 90 Stories. Видеограф, мобилограф, фотограф, актерлер, модельдер, студия және локациялар. Сценарий, қойылым, монтаж, түс пен дыбыс.

ПРОМО ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІЛІК

Айына екі белсенділікке дейін

Промоакциялар, байқаулар, ұтыс ойындары, пікірлер немесе пайдаланушы контентін жинау, брендтермен ортақ жобалар. Қолайлы механиканы таңдап, іске асырылуын сүйемелдейміз.

UGC ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК

Айына төрт интеграцияға дейін

Креаторлар мен серіктестерді таңдаймыз, келіссөз жүргіземіз, тапсырмалар дайындаймыз, материалдарды келісіп, жарияланымдарды үйлестіреміз. Жариялау қатысушылармен келісілген шарттарға байланысты.

ЖАРНАМА ЖӘНЕ АНАЛИТИКА

Бренд науқанын қолдау

Таргет жүргізу қамтылған. Нұсқалар мен бейімдеулерді қоса алғанда 24-48 жарнамалық сурет дайындаймыз. Сынаймыз, оңтайландырамыз және ай сайын нәтижелерді талқылаймыз.

Толық циклге бір команда жауап береді. Сіз ілгерілету жоспарын және оның іске асырылуын аласыз. Науқан мен белсенділіктер Black пакетінің жалпы контент көлемін пайдаланады. Жарнама бюджеті, сыйлықтар, бартерге арналған тауар және блогерлер ақысы бөлек төленеді.

Жеке қызмет

Target

190 000 ₸ / ай

Контент дайындаумен бірге таргеттелген жарнама. Жарнамалық ұсыныс пен түсірілімнен Instagram және Facebook желілерінде іске қосуға, сынауға және оңтайландыруға дейін.

Пакетке не кіреді

- Бизнес, аудитория және бәсекелестерді талдау
- Бір уақытта 3 жарнамалық науқанға дейін баптау және жүргізу
- Айына 15 статикалық креативке дейін
- 3 жарнамалық ролик: идеялар, сценарийлер, түсірілім, монтаж және субтитрлер
- Жарнамалық мәтіндер мен ұсыныстар
- Аудиториялар мен креативтерді сынау
- Шығындарды бақылау және оңтайландыру
- Қорытынды мен ұсыныстары бар ай сайынғы есеп

Жұмыс көлемі

- Бір бренд және бір Meta жарнама кабинеті
- Бизнестің бір бағыты
- Осы бағыт аясында 3 ұсынысқа дейін
- Бір қала немесе ортақ шарттар мен материалдар арқылы бүкіл Қазақстанда ілгерілету

15 статикалық креатив пен 3 ролик - барлық науқанға арналған бір айлық жалпы көлем. Суреттер санына нұсқалар мен бейімдеулер кіреді.

Нәтижені қалай бағалаймыз

Жарнама мақсатына сай өтінімдерді, олардың құнын және басқа көрсеткіштерді бақылаймыз. Өтінім сапасы мен сатуды сіздің командаңыздың кері байланысымен бағалаймыз.

Қай кезде жеке есеп қажет

Бірнеше бағыт, өнімді ауыстыру немесе тарифі, акциялары мен материалдары бөлек қалаларды жеке ілгерілету кезінде.

Жарнама бюджеті, актерлер мен студия бөлек төленеді. Парақша жүргізу, өтінімдерді өңдеу, сайт және CRM пакетке кірмейді. Бағыт пен ұсыныстарды ай басталғанға дейін келісеміз.

Жеке қызмет

Бизнесіңізге арналған роликтер.

Идеялар, сценарийлер, түсірілім және монтаж. Reels, TikTok және Shorts үшін видеолар дайындаймыз. Сіз жариялауға дайын материалдарды аласыз.

АЛҒАШҚЫ КОНТЕНТ

Reels 5

100 000 ₸

пакет үшін

5 дайын ролик
Түсірілімге 1 рет шығу

РОЛИКТЕР СЕРИЯСЫ

Reels 10

180 000 ₸

пакет үшін

10 дайын ролик
Түсірілімге 2 ретке дейін шығу

КОНТЕНТ ҚОРЫ

Reels 15

250 000 ₸

пакет үшін

15 дайын ролик
Түсірілімге 3 ретке дейін шығу

Әр пакетте

- Идеялар мен сценарийлер әзірлеу
- Мобильді түсірілім
- Кадрда көмектесу: сөйлеу, ұсыну, қимыл
- Монтаж және түсті түзету
- Дыбысты өңдеу және музыка таңдау
- Субтитрлер мен қарапайым графика
- Ролик мұқабалары

Не түсіреміз

Сараптамалық және сөйлесу форматындағы роликтер, өнім мен қызмет шолулары, жұмыс процестері, пікірлер және жарнамалық видеолар.

Формат және келісу

Ұзақтығы 60 секундқа дейінгі тік форматтағы роликтер. Монтаж бойынша екі түзету кезеңіне дейін. Көрсетілген шығу саны - ең жоғары шек: барлық көлемді ертерек түсіріп бітіруіміз мүмкін.

Актерлер, студия, күрделі анимация және қосымша түсірілімге шығу бөлек есептеледі. Парақшаны жүргізу, жариялау және жарнаманы іске қосу Reels пакеттеріне кірмейді.

ЖҰМЫСТЫ БАСТАУ ЖӘНЕ ШАРТТАР

Міндетті келісеміз. Жұмысты бастаймыз.

Қысқа қоңырауда пакетті таңдап, көлем мен кестені келісімшартта бекітеміз, қолжетімділіктер мен материалдарды аламыз. Деректер мен келісімдер алынғаннан кейін кешенді жүргізуді бастауға шамамен 6-7 күн қажет.

Контент және түсірілім

Посттар Reels-тен бөлек есептеледі; пост карусель болуы мүмкін, бір Stories - бір кадр. Кешенді жүргізуде шығу саны, фото көлемі, түзетулер мен кестені алдын ала келісеміз. Актерлер мен модельдердің уақыты студия және локациялардың ортақ лимитінен бөлек есептеледі.

SMM құрамындағы таргет

Standart, Premium және Gold пакеттеріне қосымша ақы - айына 100 000 ₸; Black пакетінде жарнама жүргізу қамтылған. Standart - бір уақытта 2 науқанға дейін, Premium - 3-ке дейін; Gold пен Black көлемін медиажоспарда бекітеміз. Жарнамалық роликтер мен креативтер жалпы контент көлемінде жоспарланады.

Жеке Target пакеті

190 000 ₸ үшін жеке көлем қарастырылған: 3 жарнамалық ролик және 15 статикалық креативке дейін. Бағыт пен география шарттары Target бөлімінде көрсетілген.

Жарнама бюджеті және сыртқы шығындар

Meta бюджеті тікелей жарнама кабинетіне бөлек төленеді. Блогерлер ақысы, сыйлықтар, бартер тауары және жеткізу де бөлек төленеді. Пакет көлемінен тыс актерлер, студия және қосымша өндіріс алдын ала келісіледі.

UGC және белсенділіктер

Standart, Premium және Gold үшін креаторлар таңдау көлемін жобаға сай келісеміз. Black пакетінде 4 интеграцияға және 2 қосымша белсенділікке дейін қарастырылған. Материалдары жалпы контент көлеміне кіреді; жарнамалық суреттер санына бейімдеулер мен нұсқалар кіреді.

Қосымша міндеттер

Сайт, CRM, өтінімдерді өңдеу, хабарламалар мен пікірлерді модерациялау бөлек есептеледі. SMM және Target ай сайын, Reels пакет бойынша төленеді. Материалдарды жариялауға дейін келісеміз; сату нәтижелерін клиент деректері болғанда бағалаймыз.

SONA AGENCY

Жобаңызды талқылайық па?

Қандай бизнеспен айналысатыныңызды және міндетіңізді жазыңыз.
Қолайлы формат пен жұмыс көлемін ұсынамыз.

WhatsApp +7 (701) 981-96-02
sonaagency.kz · Karim9602@gmail.com